



АҚТАУ Қ. ЖАҢА БАЛАЛАР ОРТАЛЫҒЫ

**Жаңа балалар психологиялық-педагогикалық түзету
Орталығының ашылуы**

Компанияның негізі қаланған күнінен бастап, SITEK Caspian өзіне барлық серіктестері үшін жауапкершілікті алады және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік көлеміндегі қызметінің маңыздылығын жете түсінеді. 2017 жылы компания «ДАРА» жеке қайырымдылық қорымен қайырымдылық көмек туралы келісім жасасты. 28 наурызда «ДАРА» Қоры ресми түрде Ақтау қаласында ерекше білім алу қажеттіліктерін талап ететін балалар үшін психологиялық-педагогикалық орталық ашты.



Адамдар – біздің ең
басты байлығымыз

Қоршаған ортаны
қорғау

Құрмет пен адалдық

Балалар – біздің
болашағымыз

Біз жұмысымыздың
барлығын сапалы
жасаймыз

SITEK CASPIAN

Қазақстан Республикасы,
Атырау қ., Айтеке би к., 55

+7 712 2272072

www.sitekcaspian.com

info@sitekcaspian.com



Орталықтың ресми ашылу рәсіміне Маңғыстау облысының әкімі қатысты.

Облыстық білім департаментінің деректері бойынша, Маңғыстау облысында ерекше білім алу қажеттілігін талап ететін балалардың саны 4,968 жетеді, олардың ішінде 2,000-нан астамы мүгедек балалар. Аймақта ерекше балалар мен олардың отбасына кәсіптік қолдау мен көмекті тегін бере алатын мамандандырылған балалар ұйымдары жетпейді. Аймақтағы ерекше білім алу қажеттілігін талап ететін балалардың жартысынан көбі, бұл 2,500-ден астам бала, түзету кеңестері мен қолдаусыз білім алып отыр. Олардың ата-анасы өз мәселесімен онашада қалып, не істеу керек және баласына қандай тәрбие беру қажет екендігін білмейді.

Осыған байланысты, Ақтау қаласында «ДАРА» қоры, дербес демеушілердің қатысуымен, мақсаты өсіп дамуында ерекшеліктері бар балалар мен олардың отбасына тиімді көмек көрсету болып табылатын, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетін ашты. Жаңа түзету кабинетінің барлық қажетті заманауи жабдығы бар: физиотерапиямен айналысуға арналған кешендер, Монтессори жүйесінің жабдығы, сөйлеу және есту қабілеттерін дамытуға арналған компьютерлік бағдарламалар, білім беру ойындары мен материалдары. Әр «ерекше» баламен бұл жерде, жекеше түрде және топта сабақ жүргізе отырып, баланың дамуына түзету қолдауын қамтитын мамандар командасы жұмыс жасайды. Жылсайын мұндай түзету кабинеті, дамуында әртүрлі ауытқуы бар 150-ден астам балаларға, тегін білікті және кешенді мамандандырылған көмек бере отырып, қызмет көрсететін болады.

Адамдар – біздің ең басты байлығымыз

Қоршаған ортаны қорғау

Құрмет пен адалдық

Балалар – біздің болашағымыз

Біз жұмысымыздың барлығын сапалы жасаймыз



Жаңа психологиялық – педагогикалық түзету кабинеті барлық қажетті заманауи жабдығымен қамтамасыз етілді.

Орталықтың құрамына, білім алуда ерекше қажеттілікті талап ететін балалар үшін толығымен жабдықталған, келесі кабинеттер кіреді:

- Дефектолог кабинеті
- Логопед кабинеті
- Есту қабілетінің ақаулықтаурын түзетуге арналған педагог кабинеті
- Дене шынықтыру кабинеті
- Қысқа мерзім аралығына орналасуға арналған топтар үшін үй-жайлар
- Психолог кабинеті
- Жекеше сабақтарға арналған сынып бөлмелері
- Монтессори жүйесі бойынша топтардағы сабақтарға арналған кабинеттер
- Емдік уқалауға арналған кабинеттер

Компанияға «ДАРА» Қорынан алғыс хат берілді.



Благодарность

TOO Sitek Caspian

Благотворительный Фонд «Дара» выражает искреннюю благодарность за поддержку в открытии Кабинета психолого-педагогической коррекции в г. Актау.

Примите искреннюю признательность за Ваш вклад в улучшении качества жизни детей с особыми образовательными потребностями.



SITEK Caspian, 2018 ж.

Актау, 2018 год

